

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі

«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-интернаты»
Республикалық мемлекеттік
мекемесі

**ЛАУАЗЫМДЫҚ
НҰСҚАУЛЫҚ**

4.11.2021

дата

Алматы қ.

Республиканское государственное
учреждение «Республиканская
средняя специализированная
музыкальная
школа-интернат для одаренных
детей имени Куляш Байсеитовой»

Министерства культуры и спорта
Республики Казахстан

**ДОЛЖНОСТНАЯ
ИНСТРУКЦИЯ**

№ 34

г. Алматы

Бекітемін:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Күләш Байсейітова атындағы
дарынды балаларға арналған
республикалық мамандандырылған
музыкалық орта мектеп-
интернаты» РММ Директоры
Абдрашев Б.Т.
2021ж. «08» 11

**МЕКТЕПТІҢ «АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ (төрайымы)**

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
2.	ҚЫЗМЕТТІҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
3.	ФУНКЦИЯЛАР МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕР	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
4.	ҚҰҚЫҚТАР	5
5.	ЖАУАПКЕРШІЛІК	5
6.	НОРМАТИВТІК БАЗА	6
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ		7
ТАНЫСУ ПАРАҒЫ		7

Лауазымдық нұсқаулық	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы (төрайымы)
«К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	7-ден 2 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты» РММ-нің (бұдан әрі – Мектеп) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңесі туралы ережеге сәйкес әзірленді.

2. Осы лауазымдық нұсқаулық Мектеп) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық кеңесі (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) төрағасының (төрайымының) қызметтік міндеттерін, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

3. Тұрақты әрекет етуші Қоғамдық кеңестің төрағасы (төрайымы) мен оның дербес құрамы Мектеп директорының бұйрығымен айқындалады.

4. Қоғамдық кеңестің төрағасы (төрайымы) қызметіне педагогтер құрамының қатарынан Мектепте кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар, Мектеп қызметінің ерекшелігі мен құзыреттіктерін білетін, жоғары кәсіби білімдері мен рухани-адамгершілік қасиеттері, белсенді азаматтық ұстанымы бар, әріптестері арасында беделді және құрметке ие адам тағайындалады.

2. ҚЫЗМЕТТІҢ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫ

1. Төраға (төрайым) өзінің қызметін алқалылық, ашықтық, сенім, адалдық және әділдік принциптеріне сәйкес ұйымдастырады.

2. Мектептің білім беру процессіне қатысушылардың, оқушылардың ата-аналары мен заңды өкілдерінің, қызметкерлердің құқықтарын сақтау, заңдылық нормаларын, сондай-ақ кәсіби қызмет әдебін сақтау принциптерін басшылыққа алады.

3. Қоғамдық кеңес төрағасы (төрайымы) қызметінің мақсаттары:

- Мектептің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру және үйлестіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басым бағыттарын әзірлеу және іске асыру;

- ұжымдық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметін насихаттау, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеу көзқарасын тәрбиеу;

- мониторинг және қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық проблемалары бойынша қызметкерлерді хабардар етудің бірыңғай жалпы мектептік жүйесін құру;

- сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне итермелейтін және қолдайтын жағдайларды жоюға (қысқартуға) бағытталған шаралар жүйесін әзірлеу және іске асыру.

3. ФУНКЦИЯЛАР МЕН ӨКІЛЕТТІКТЕР

1. Қоғамдық кеңестің жұмысын жүзеге асыру, жұмыстар жоспарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету, Мектептің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасына сәйкес іс-шараларды іске асыру;

Лауазымдық нұсқаулық	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы (төрайымы)
«К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	7-ден 3 бет

2. Сыбайлас жемқорлыққа жоғары тәуекелдер бар салаларда педагог қызметкерлерде және оқушыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдыларын тәрбиелеу мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қоғам мен БАҚ-ты ынтымақтастыққа тарту; сөз сөйлеулер, акциялар, жарияланымдар және басқа да жұмыс түрлерін ұйымдастыру;
3. Мектептің басшылығына Мектепте сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған іс-шараларды іске асыру бойынша ұсыныстар енгізу;
4. Қоғамдық кеңестің отырыстарында оқу-тәрбие және өзге де қызметте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және профилактикасы бойынша әкімшілік пен құрылымдық бөлімдердің практикада қолдануы үшін ұсыныстар әзірлеу;
5. Қызметкерлер, сондай-ақ білім алушылар мен оқу-тәрбие процессіне басқа да қатысушылар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық мәселелері бойынша қабылдаулар мен консультациялар өткізу;
6. Қызметкерлер үшін құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу (профилактикасы) және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары субъектілерін анықтау бойынша кездесулер, сұхбаттар, лекциялар, семинарлар ұйымдастыру;
7. Білім беру қатынастарының қатысушыларына, Мектеп қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың негізгі ережелерін, жұмыскерлердің қызметтік мінез-құлқына қойылатын талаптарды, мүдделер қақтығысы туындау механизмдерін түсіндіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін Мектептің түрлі комиссияларының (педагогикалық әдеп мәселелері, еңбек қатынастарының даулы мәселелері, сыйақылар беру және мектеп қызметкерлерін көтермелеудің басқа да түрлері, оқушыларды оқуға және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша) отырыстарында өзінің жеке қатысуы немесе Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуын қамтамасыз ету, комиссия жұмысына қатысуға құзыреттілік тәсіл негізінде өзге де тұлғаларды тарту;
9. Өз құзыреті шегінде Қоғамдық кеңестің қарауына түскен ата-аналар мен мектеп қызметкерлерінің шағымдары бойынша шешімдер қабылдау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мақсатында сенім телефонының жұмысын ұйымдастырып жүзеге асыру, туындаған мәселелерді шешу бойынша әкімшілікпен бірлескен жұмыс;
10. Оқушылардың, олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің, қызметкерлер мен басқа тұлғалардың шағымдарын және өтініштерін қарау қорытындылары бойынша Әкімшілік, Мектеп басшылығы қабылдаған шешімдерді талдау;
11. Қызметтің барлық бағыттары бойынша Мектеп басшылығы мен әкімшіліктің әрекеттерін сыбайлас жемқорлық белгілеріне зерттеу және талдау;
12. Мектептің педагогикалық кеңесінің қарауына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізу;

Лауазымдық нұсқаулық	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы (төрайымы)	
«К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОИ» РММ»		7-ден 4 бет

сыбайлас жемқорлыққа қарсы, әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарау;

13. Өз құзыретіне және Қоғамдық кеңестің қызметіне жататын мәселелер бойынша локальды нормативтік актілерді дайындау және дайындауға қатысу, мектеп әкімшілігі шығаратын нормативтік сипаттағы құжаттарды (Қағидалар, Ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар) келісу, қолданыстағы заңнаманың өзгеруін ескерумен нормативтік құқықтық құжаттарға толықтырулар енгізуге ықпал ету;

14. Қоғамдық кеңестің құжаттарын (жұмыс жоспарлары, хаттамалар, хат алмасулар, консультациялар, есептер, анықтамалар) әзірлеу;

15. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Адалдық алаңы» Жобалық кеңсесінің талабы бойынша есептілік және басқа да ақпаратты ұсыну, олардың тапсырмаларын орындау, семинарларға, конференцияларға қатысу және т.б.;

16. Мектептің сайтында және Интернет ресурстарында орналастыру үшін Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпаратты ұсыну;

17. Қоғамдық кеңестің отырысында сайланған төрағаның орынбасарына өз өкілеттіктерін табыстау;

18. Мектептің Қоғамдық кеңесі мүдделерінің өкілі болу және Мектептің атынан түрлі отырыстарға, жиналыстарға қатысу және т.б.

4. ҚҰҚЫҚТАР

Қоғамдық кеңестің төрағасының (төрайымы) төмендегідей құқықтары бар:

1. Мектеп басшылығына Қоғамдық кеңестің қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;

2. Басшылықтан өз функцияларын орындауға және құқықтарын жүзеге асыруға ықпал етуді талап етуге;

3. Өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды алуға;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі құзыретті органдардан және ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Адалдық алаңы» Жобалық кеңсесінің қызметкерлерінен Мектеп қызметінің мәселелері бойынша консультация алуға;

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы даулы мәселелерді шешу үшін жұмыс топтарын құру;

6. Өзінің шешуші дауысын пайдаланып, Қоғамдық кеңестің отырысында шешімдер шығаруға;

7. Қоғамдық бастамаларда қызметті жүзеге асырғаны үшін өзін көтермелеуге (моральдық және материалдық) ұсынуға.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қоғамдық кеңестің төрағасы (төрайымы) келесі жағдайда жауапты болады:

1. Өз қызметін және Мектептің Қоғамдық кеңесінің қызметін жүзеге асыру барысында жасаған құқық бұзушылықтар үшін;

Лауазымдық нұсқаулық	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы (төрайымы)
«К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»	
7-ден 5 бет	

2. Жалған ақпарат бергені немесе ақпаратты бұрмалағаны, ауыр қастығысты жағдайларды әдейі немесе қасақана туындатқаны, басшылықтың, Мектеп әкімшілігінің және қызметкерлердің жұмысына сенімсіз көзқарасты тудырғаны, теріс имиджді қалыптастырғаны үшін;
3. Жоғары тұрған ұйымдарға және ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Адалдық алаңы» Жобалық кеңсесіне сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы бойынша дәйексіз, тексерілмеген ақпарат ұсынылғаны үшін;
4. Оқушылардың, қызметкерлердің ар-намысы мен қазір-қасиетіне қатысты ақпараттың, мәліметтердің және Мектептің Қоғамдық кеңесінің отырыстарында, сондай-ақ өзі қатысқан басқа комиссиялардың отырыстарында қаралған (қаралатын) немесе жеке өзі қараған басқа да құпия ақпараттың жарияланғаны үшін жауапты.

6. НОРМАТИВТІК БАЗА

1. ҚР Конституциясы;
2. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы;
3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 293-VI Заңы;
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;
5. «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
6. Мектеп директоры 2021 жылғы 8 қаңтарда бекіткен Мектептің «Адалдық алаңы» Қоғамдық кеңесі туралы ереже.

Әзірлеген:			
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрайымы		Кошкарбаева А.Р.	08.11.2021 
Келісілген:			
Басшылықтың менеджмент сапасы жөніндегі өкілі		Мусрепова М.С.	08.11.2021
Директордың музыка жөніндегі орынбасары		Сурапбергенова С.А.	08.11.2021
Кадр мәселелері жөніндегі инспектор		Касенова Р.С.	08.11.2021
Заңгер		Болсамбеков Н.А.	08.11.2021
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

Лауазымдық нұсқаулық	«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы (төрайымы)	
«К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМ» РММ»		7-ден 6 бет

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Тіркеу нөмірі	Тіркеу күні	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Құжатпен танысқан адамның аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні
1	2	3	4	5
1.	Жошқарбаев, Д.Р.	Президент, Азамат. Д.		08.11.2022.

Лауазымдық нұсқаулық

«Адалдық алаңы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі
Қоғамдық кеңестің төрағасы (төрайымы)

«К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған РММОМИ» РММ»

7-ден 7 бет